



XFTAP 16.21.47

М.Е. Әділов

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан
(E-mail: marlenadilov88@gmail.com)

Абайдың «Ескілік киімі» өлеңіндегі этнографиялық ұғымдар

Аңдатпа. Қазақтың ұлы ақыны Абайдың «Ескілік киімі» деп аталып жүрген төрт шумақты өлеңінде ертедегі қазақ аңшы жігітінің киім-кешек, ат әбзелдері, құрал-жабдықтары суреттеліп көрсетілген. Өлеңде бұдан ертерек дәуірдегі көшпенділік мәдениеті көрініс тапқандықтан сол кезеңге тән, әрі қазіргі күні қолданыла бермейтін этнографизм, историзмдер көп кездеседі. Этнографиялық ұғымдар мен историзмдердің кейбірінің мағынасы түсініксіз болғандықтан, олардың негізгі мәндерін анықтау үшін түркі жазба ескерткіштері мен тілдері материалдарына жүгіну қажет болды. Мақалада қазіргі кезде қолданыла бермейтін, әрі кейбір мағынасы түсініксіз этнографиялық атаулар тарихи-салыстырмалы әдіс бойынша талданды.

Түйін сөздер: Абай, этнографизмдер, историзмдер, киім-кешек атаулары, қазіргі түркі тілдері, көне түркі жазба мұралары.

DOI: <https://doi.org/10.32523/26-16-6887/2020-132-3-11-19>

Кіріспе. Киім, әшекей атауларына қатысты этнографизмдердің бір тобын Абай қазақтың өткен өмірін баяндаған «Ойланып ойға кеттім жүз жылғы өткен» деп басталатын өлеңінде келтіреді. Бұл этнографиялық суреттеме өлеңінде *шидем, шекпен, жейде, дамбал, саң, жарғақ шалбар, жарғақ жастық, көпшік, мықшима, байпақ, кісе, дән дәку, күләпара, пұшпақ тымақ, құрысқақ, үзеңгі, пыстан* тәрізді қазірде қолданудан шыға бастаған бір топ киім-кешек, мата, әшекей, құрал-жабдық, атәбзелатауларын береді:

Ойланып ойға кеттім жүз жылғы өткен,
Тон қабаттап, кигенім – **шидем шекпен,**
Жейде-дамбал ақ **саңнан, жарғақ шалбар,**

Жырым балақ матамен әдіптеткен.
Мықшима аяғымда былғары етік,
Киіз байпақ тоңдырмас ызғар өтіп.
Үлкен **кісе** жанымда жез салдырған,
Шақпағым, **дән дәкуім** жарқ-жүрқ етіп.
Күләпара басымда, **пұшпақ тымақ,**
Ішкі бауын еткізген тесік құлақ.
Тобылғыдан кесіп ап, жіппен қадап,
Артын белге қыстырған бар құрысқақ
Қалмақы қара **үзеңгі,** биік қасты ер,
Қанжығамда байлаулы жіппен **шідер,**
Жарғақ жастық көпшігім жезді **пыстан,**
Бір келісті сайманым топқа мінер [1,214].
Қазақтың ұлы ақыны Абайдың «Ескіліктің киімі» деп аталып кеткен осы өлеңінде қазақ халқының ұлттық киімдері үлгілері мен атәб-

зелдерінің біразы сипатталған. Тіпті бұлардың көбінің қазіргі күні «ескіліктер» екені аян. Бұл туралы академик Р.Сыздықова айтқан болатын:

«Архаизм, историзмдердің бір тобын Абай қазақтың өткен тарихын баяндауда әдейі келтіреді. Мысалы, жүз жыл бұрынғы қазақтың киімі туралы этнографиялық суреттеме өлеңінде *жейде, жарғақ шалбар, жарғақ жастық, кісе, шақпақ, дән дәку, күләпара, пыстан* тәрізді қазірде, ал бірқатары, тіпті, Абай заманында қолданудан шыға бастаған бір топ киім-кешек пен өзге аксессуарлардың аттарын береді» [2, 129].

Белгілі ғалым Р.Сыздықова осындағы бұл күні қолданыла бермейтін кейбір атауларға ғана қысқашаттоқталады, олардың ішінде, күләпара ұғымына мынадай түсіндірме береді:

«Күләпара да – қазақ арасына тегіс тараған киім атауы емес (өзге облыстарда далбай, жалбағай т.б. аталады). Ол – қысы қатты, жауын-шашыны мол орталық және шығыс аймақтарда боранда не жауында тымақтың сыртынан киетін баскиім» [2, 60].

Біз ақынның осы өлеңіндегі бұл күндері қолданылатыны, қолданылмайтындары бар этнографизмдердің түгелдей барлығын тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы түркі тілдері деректері негізінде талдадық. Сонымен, өлеңдегі қарамен белгіленген атаулар, шумақ, жолдардағы реті бойынша қаралды.

Негізгі бөлім. Шекпен. Иірілген жүннен өрмекпен тоқылған соң тігілген сырткиім (ҚТТС 912). Соңғы кездері *шенді-шекпенді* деген ауыспалы мәндегі қолданыс кең қолданылуда. Қазақта *шен-шекпен* деген қос сөз де бар. Оның шығуы өткен ғасырлардағы қазақ елін отарлаған орыс жымысқылары елді, жерді бөліп, болыстар тағайындап, оларға шен тағайындап, белгі беріп, шекпен кигізгенімен байланысты болса керек. Осыдан барып *шен-шекпен киген* деген ұғым пайда болғандеседі. Абай да *шенді шекпен жабу* тіркесін қолданады:

Мәз болады болысың,
Арқаға ұлық қаққанға,
Шелтірейтіп орысың,
Шенді шекпен жапқанға [1, 133].

Шекпен түбі түркі сөз. Жазба мұраларынан ең алғаш қыпшақ ескерткіштерінде қолданылған. Кодекс куманикуста *чекмен* «мата, кездеме, материал»; *чекменчи* «мата, кездеме тігуші» (СС.43а.20). Мәмлүк қыпшақ ескерткіші Өт тұхфетүз зәкиеде де *чекпен* «шапап, жағасыз, ұзын жеңді сырт киім» (TZ 11b.2)

Чекмен атауының чекпек деген нұсқасы болса, бұдан ертерек дәуірлерде жұмсалған. Мысалы, Көне ұйғыр жазулы мұраларында чекрәк «қысқалау келген киім түрі, белдемше, шалбар» (ДТС 143); Қарахан дәуірі жәдігері «Диуани лұғатит түркте» чекрек «құлдар киеті жүн шапан, желбегей, жүн жамылғы» (DLT 204/208).

Қазіргі түркі тілдеріне келсек, Алтайдан-Балқанға дейін *чекмен, чекпен, чепкен, чикмен, шекпек, шепкен* деген түрлі варианттарында кең таралған. Соның кейбіреуіне ғана тоқталсақ, мысалы: құмық т. *чепкен* «кавказ халықтарындағы ерлердің сырткиімі, ұлттық шапандары»: *Чепкен тигу – чеберлик, қаптал тигу – қап тигу* (мақал) «Шекпен тігу – шеберлік, бешпент тігу – қап тігу» (КумРС 340); өзбек т. *чәкмон* «әдетте жүн матадан тігілетін ер адамдар киетін ұзын қысқы тон» (УТИЛ IV 448); түрікмен т. *чәкмен* «түйе жүнінен тігілген сырт киім» (ТДС 762); хакас т. *сикпен* «шұға, жүн мата» (НТС 447); чуваш т. *сәкман* «шапан, сырткиім» (Васильев III 799).

Шекпеннің басқа тілдерге де кіргені белгілі: қытай т. *жиекеман*; парсы т. *чекпен/чекмен*; орыс т. *чекмень*.

Шидем. *Шидем* этнографиялық ұғымын Ә.Қайдар «сырты қой жүнінен тоқылған шекпен; іші қойдың жабағысы, қысты күні мал бағушылар киеді» деп анықтайды [3, 270]. Абайдың «Қыс» өлеңіндегі шидемнің қолданысына қарап, жоғарыдағы мәні аңғарылады:

Әуес көріп жүгірген жас балалар,
Беті-қолы домбығып, үсік шалды.

Шидем мен тон қабаттап киген малшы

Бет қарауға шыдамай теріс айналды [1, 123].

«Ескіліктің киімі» деп аталып кеткен өлеңде *шидем шекпен* деген қолданыс бар. Шекпеннің ең әдемі түрін «Шидем шекпен» дейді. *Шидем шекпен* «тайлақ, түйе жүнінен тоқылған,

астарланып, сырып тігілген сырткиім» (ҚТТС 912).

Абайдағы *шидем* сөзі түркі ескерткіштерінен тек Қарахан дәуірі мұрасында кездеседі:

Махмұт Қашқари «Диуани лұғатит түрк» сөздігінде *чайдам* «жаңбырдан қорғайтын сырткиім және төсек жасауға арналған жіңішке киіз түрі» (DLT 522/422).

Қазіргі түркі тілдерінен бұл сөзді тек қырғыз сөздігінен таба алдық:

Қырғыз т. *чийдан* «қойшылардың киетін сырткиімі(қырғыздардың койчуларының жүндөн колго соғулгантаар менен тышталған, кийиз менен ичтелген кийимине «чийдан» деп аталған)» (КиргРС II 362).

Дамбал. Шалбар ішінен киетін жұқа ішкіім, ыштан; дененің кіндіктен төменгі бөлігіне киілетін екі балағы бар ерлер киімі (ҚТТС 186; [3, 271]).

Абай тілі сөздігінде *дамбал* сөзінің берілмегені назар аудартады.

Дамбалдың Абайда *жейде-дамбал* деп қос сөз түрінде берілуі екеуінің бір мағынадағы қолданыс екендігін аңғартады. Мәселен, Ә.Қайдар *жейде-дамбал* қос сөзін «ерлердің ішкіімі» деп түсіндіреді [3, 271]. Мұнымен бірге, *көйлек-ыштан/көйлек-дамбал* «ішкіім» (ҚТТС 406) варианттарының да болуы Қайдар пікірінің дұрыс екендігін көрсетеді.

Бір жағынан дәстүрлі ортада ер адамдар ақ сұрыптан тігілетін жағалы көйлектің астыңғы бөлігінен төменге қарай ептеп тарыла бастайтын кең адымды *дамбал* түрін киген. Абайдың *дамбал-жейде* қос сөз қылып бергеннің сыры осы болса керек.

Дамбал атауы жазба ескерткіштерде кездесе бермейді, тек Анадолы түрік жазба ескерткіші Қиссасұл әнбияда (Анадолы нұсқасы) *донбал* түрінде қолданылған: *донбал* «киімнің бір түрі (шалбар болса керек)»: *Исхақ саучы донбалны хем кийүрди, бардагына суын дағы қойар емди* «Ысқақ елші дамбалын киетін еді, кесесіне суын да құятын еді» (КҮ.6v.11).

Фин ғалымы М.Рәсенен кей түркі тілдеріндегі «шалбар» мәніндегі *танбан* сөзі парсыдағы *танбаан* (*тонбаан*) ұғымы екендігін айтады [4, 460]. Жазылуы *танбан* болса, мұның парсыдағы оқылуы *тонбан* екендігі белгілі.

Осы *тонбан* атауы біздің *дамбал* ұғымымызбен байланысты болуы керек.

Түрік ғалымы Г.Қарағач «Шет тілдеріндегі түркі сөздері» деген сөздігінде (Türkçe Verintiler Sözlüğü) парсыдағы *тонбаан*, *тонке* атауларының түркідегі *тон* «киім» сөзінен келетінін жазады [5, 257]. Сонда *тон* сөзінен келіп шыққан парсының *тонбан* ұғымы қазақ тіліне қайта айналып келіп *дамбал* формасында кіріп отыр. Анадолы түрік мұрасында да *донбал* тұлғасында келуі *дамбалдың* түбі түркінің *тон* сөзінен шыққанына дәлел болады.

Қазіргі түркі тілдерінен қазаққа жақын қарақалпақ тілінде *дамбал* сөзі ауызекі тілде «шалбар» мәнінде қолданылады (КкРС 158). Қырғыз тілінде *дамбал* сөзі қазақ тіліндегідей «шалбардың ішінен киетін киім (гамаж, кальсон)» мағынасында жұмсалады: *дамбалым сенин башына* «ерлерге қарата айтылатын қорлау, мазақ сөзі»; *дамбалымды башынарга чалам* «ит терісін басына қаптаймын деген мағынада»; *тоқчулуқтун дамбалындай* «кір, лас» (КиргРС I 183). Башқұрт тілінің диалектілерінде *дамбал* «ұзын, кең етектегі ыштан» (БТһ I 263).

Қазіргі қазақ тілінде *дамбал* сөзі ерсі естілгендіктен болса керек, көп қолданыла бермейді, шалбардың ішінен киетін киімді *гамаж* деп орысша айту кең таралғанға ұқсайды. Ал *дамбал* болса «ішкіім, лыпа, шолақ дамбал (трусы), үлкен кісілердің ішінен киетін ішкіімі» деген мәнге ауысқан.

Саң. «Пышак тигізбей бітеу сойылған мал терісі; шыттан қалыңдау келген ақ түсті мата» (ҚТТС 707)мағыналарындағы саң сөзін Абай да соңғы мәнінде қолданады.

Саң сөзінің қымбат мата екенін қырғыз тіліндегі деректен білеміз:

Қырғыз т. *шаң* (қытай.) «қымбат мата түрі»: *Суу сұрасам бал берген, бөз сұрасам шаң берген* (КиргРС II 401). Қырғыз сөздігін жинап құрастырған орыс ғалымы Юдахин *шаң* сөзін қытайдікі деп көрсеткеніне қарағанда, қазақ тіліндегі *саң* сөзі де қытай тілінен енген болса керек.

Жарғақ. «Құлын мен ешкі терісінің киімге жарарлық, иленген терісі; құлын терісінен түгін сыртына қаратып тіккен сырт киім; иленген теріден жасалған зат; еті арыған, арық, қат-

па, жұқалау келген» деген көп мағыналы сөз Абайда «иленіп өңделген тері, сапалы жұқа тері» мағынасында қолданылған. Біз талдап отырған өлеңде *жарғақ жастық* және *жарғақ шалбар* тіркестері түрінде берілген.

Жарғақ сөзі көне мұралардан ең алғаш шағатай жазба ескерткіштерінде қолданылған: *йарғақ* «тері киім» [6, 410; 7, 251].

Орта ғасыр жазба жәдігерлерінде *жарғақ* сөзімен түбірлес *йары* формасы да кездеседі. Мысалы, Мәмлүк қыпшақ мұрасы «Әл Идрақ хашиесі» еңбегінде *йары* «май құмырасының аузына байланатын тері» (КірТС 312) сөзі бар.

Жарғақ сөзі қазіргі түрік тілдерінен көбіне қыпшақ тілдерінде кең таралған, жарғақпен түбірлес *жары* формасының да таралғанын байқадық. Мысалы, башқұрт т. *ярғақ* «құрғақ тері; жараның қабығы; қу, ап-арық, етсіз» (БТһ II 801); *яры* «қабықша, қабық, жіңішке қабат» (БТһ I 804).

Сонымен қатар, сібір түркілері мен көне деп есептелетін чуваш, якуттарда бұл ұғым қолданылады: тува т. *чаргаши* «түлеген, жүні түскен (жануарлар туралы)»; *чаргаши тон* «жүні алынған тері» (ТувРС 504); чуваш т. *сур-лах/йаллах* «жұқа қабық, қабықша, жарғақ, жарғақша» (ЧувРС 428); якут т. *сарыы* «жұмсақ иленген бұлан не бұғы терісі; терінің жіңішке қабаты, жұқа тері» (ЯРС 318).

Жарғақ сөзінің *жары* «тері» және *-ғақ* кішірейту мәніндегі жұрнағы жалғану арқылы жасалғаны туралы болжам бар (ЭСТЯ IV 141).

Мықшима «биік өкшелі шоңқима етік» (АбайТС 377). Түсіндірме сөздігінде *мықшима* сөзіне «өкшесін мықшита, маймита тіккен» деген анықтама берілген (ҚТТС 607). Бірақ Абай өлеңінде *мықшима* етіктің бір түрі екендігі сөзсіз.

Мықшима атауы «мықшыңдау, зорға көтеру» мағынасындағы *мықши-* етістігіне етістіктен есім тудырушы «ма» жұрнағының жасалуы арқылы жасалған болса керек. Бұл атау аяқкиімнің өкшесін мықшита тігуімен байланысты *мықшима* етік деп аталған. «Үшкір тұмсық, қайқыбас өкшелі етік» мәніндегі *мықшима етік* сөз тіркесі *мықшима* деп қысқарып айтылып кетті. *Мықшима* ұғымына жасалуы жағынан ұқсас *шоңқайма* «өкшелі

етік», *оқшима* «қалпақ түрі», *сылама* «баскиім атауы», *сырма* «сырткиім», т.б. атауларда бар.

Б.Қалиевтің сөздігінде *мықшима* сөзі *мықшима етік* деп түсіндірілген: «ҚР Мемлекеттік орталық музей қорында ер адамның *мықшима етік* деп аталатын үшкір тұмсық, қайқыбас өкшелі етігі бар» (Қаз. этнография.2, 117)[8, 434].

Ә.Қайдар да *мықшима етік* тіркесі түрінде анықтама береді: *мықшима етік* «өкшесінің түбі жуан, жер басар жағы жіңішке, тұмсығы жоғары қарай қайқы келген биік өкшелі саптама етік. Оны да байпақпен, шұлғаумен киеді. Мықшиманы бұрын жас жігіттерге, ойын сауықшыл серілерге арнап тігетін. Оның қонышын, өкшелігін көксауырлап, тұмсығына қатырғы салады» [3, 273].

Қазіргі түркі тілдерінде қазақ тіліндегідей *мықшима* (етіктің түрі) сөзі кездесе бермейді, тек *мықшию* етістігі қыпшақ тілдерінің кейбірінде ғана қолданылады:

Қарақалпақ т. *мықшый-* «бүтжию; бүкірею; еңкею; еңкіштену; имендеу; имию» (КкРС 471); қырғыз т. *мықчий-* «сол мағ.» (КиргРС II 47).

Байпақ. «Етіктің ішінен киетін, жұқалау етіп киізден істелген қонышты шұлық, киізден жасалған байпақ» мағынасындағы *киіз байпақ* сөз тіркесін Абай жоғарыдағы өлеңде бір рет қолданған.

Будагов қазақ және қырғыз тілдеріндегі *байпақ* сөзінің этимологиясын парсының *пай* «аяқ» және түркінің *баг* «бау» сөздерінің қосылып жасалуымен байланыстырып, парсы тілдеріндегі *пайтаба* деген ұғымның да жоғарыдағы тәсілмен жасалғанын алға тартады (Будагов I 240).

Қырғыз тілінің этимологиялық сөздігінде *байпақ* ұғымы парсының «аяқ» мағынасындағы *пай* және түркінің *қап* сөздерінің бірігуінен жасалған деген тұжырым айтылған. Сөздік авторының айтуынша *қап* сөзі *пақ* боп метатеза құбылысы негізінде өзгерген. Бұған ұқсас фонетикалық құбылыс қырғыз тілінде байқалады делінген, мысалы *қазанбақ* «қазанқабы, қазанның қақпағы», *чарқап* «пішен шөмелесі» [9, 42].

Қазіргі түркі тілдерінде бұл ұғым тек қыпшақ және қарлұқ тілдер тобында ғана

қолданылуда (оғыз және сібір түркілерінде кездеспейді).

Кісе «күміспен сәндеп әшекейленген, белбеуге тағатын қалта» (АбайТС 296).

Қазақ мақалдарынан да *кісе* сөзінің жоғарыдағы мағыналары аңғарылады:

Кісі болар баланың,

Кісесінен белгілі.

Ат болатын құлынның,

Мүшесінен белгілі [10, 52].

Есепшінің есебі *кісесінде* [10,106].

Түркі тілдерінде *кісе* сөзі «қалта» мағынасында кең таралған:

Қырғыз т. *кісе* «белбеудегі қалташа, дорбаша; қалта»; *кісе құр* «қалталы, әшекейлі белбеу» (КиргРС I 389); ноғай т. *кісе* «қалта»: *кісе сағат* «қалтасағат» (НРС 167); татар т. *кесә* «қалта»: *кесә ақтару* «қалта ақтару»; *кесәгә сугу* «залал келтіру» (ТатРС403); башқұрт т. *кісә* «сол мағ.» (БТһ 492); құмық т. *кісе* «қалта»: *Кисеңде малың йоқ буса, аузуңда балың йоқ му* (мәтел) «Қалтаңда ақшаң жоқ болса, аузыңда балың жоқ па?» (КумРС 144); қырым татар т. *кісе* «қалта, қалташа, дорба, әмиян» (КТРС 406).

Ұйғыр т. *кісе* «қалта» (YUTS 200); өзбек т. *киса* «сол мағ.» (УРС 221).

Әзербайжан т. *кисә* «дорба, қалта, қалташа, қапшық; моншада кір езуге арналған қолғап» (АзРС 170); түрікмен т. *кісе* «қалта»: *пулуң кисеңе сал* «ақшаңды қалтаңа сал» (ТТS 411); гагауз т. *кесә* «әмиян»: *кесә бош «кедей»* (ГРМС 265); түрік т. *kese* «қапшық, сөмкеше; әмиян; қалта»: *kesene bereket* «кеткеннің есесін, қалғанның берекесін берсін деген мағынада» (ТурРС 534).

Чуваш т. *кесье* «қалта» (ЧувРС 169).

Орыс т. *кисет* «маленький мешочек для табака» (ТСРС 984).

Дәндәку «кісенің оқшантаймен қатар тұратын былғары қалтасы» (АбайТС 160). Дәстүрлі *кісе* белдіктің қын, қынап, қорамсақ, оқшантай, қандауыр, дәндәку тәрізді құрамдас бөлшектері болады. Соның ішінде, дәндәку «шақпақ тас және тағы басқа от тұтатуға арналған заттар сақталатын, оқшантаймен қатар тұратын шағын былғары қалта түрі» болса керек.

Ұлы Абайдың өлеңінде:

Үлкен кісе жанымда жез салдырған,

Шақпағым, дәндәкуім жарқ-жүрқ етіп (Абай 214)– деген жолдардан *дәндәкудің* от шығаратын шақпақпен қатар ілінетін кісе белдікке тағылатын элементтің бірі екендігі байқалады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *дәндәку* көнерген сөз делініп, «кісенің оқшантаймен қатар тұратын былғары қалтасы» деген түсіндірме берілген (ҚТТС 192).

Юдахиннің қырғыз тілі сөздігінде *данданкүү* «тіс тазалағыш құрал» делініп, түбі парсының сөзі деген белгі қойылған (КиргРС I 184).

Күләпәра. Мауыттан, шұғадан, шидемнен тігілген, жазда басты шаңнан қорғау үшін, қыста жаңбыр мен қардан сақтану үшін тымақтың сыртынан киетін бүркеншік, жамылғы, жеңіл баскиімнің бір түрі.

Ә.Қайдар *күләпара* және *күлпара* варианттары бар деп, оларға жеке-жеке түсіндірме береді:

Күләпара «тымақтың көбінесе ақ (кейде көк не қызыл) бұлдан жасалатын қабы. Онымен тымақ тысы кірлегенде жуып алу үшін қапталады. Күләпарамен қапталған қара, қоңыр, көк елтіріден, түлкі терісінен жасалған тымақтар тез тозбайды, көпке шыдайды»;

Күлпара «мауыттан, шұғадан, шидемнен тігілген, басты шаңнан қорғау үшін жазда не жаңбыр мен қардан сақтану үшін қыста тымақтың сыртынан киетін жеңіл баскиімнің бір түрі» [3, 262].

Түркі тілдерінен *күләпара* сөзін тек башқұрт тілі сөздігінен ғана таба алдық:

Башқұрт т. *көләпәрә/көләтә* «көбіне әскерилер киетін, баста еркін тұратын кең құлақты баскиім түрі» (БТһ I 538).

Н.Оңдасынов *күләпара* сөзін парсы тіліндегі «әйелдердің үлкен баскиімі» мағынасындағы *қолаһпарә* ұғымымен байланысты көреді [11, 175].

Парсы тіліндегі «айырқалпақты баскиім, қалпақ; тәж; хан, ханзада баскиімі» мәніндегі **کلاه** *күләһ* сөзі де осымен байланысты болса керек. Парсы тілінен енген кірмелерде сөз соңындағы «һ» дыбысының түсу құбылысын есепке алсақ (гүнәһ>күнә, гүвәһ > куә),

күләһ атауында да «һ» дауыссызы түсіп күлә түрінде күләпара ұғымында сақталды деп топшылаймыз.

Түркі тілдерінің кейбірінде бұл формадағы сөз жеке қолданылады:

Қырғыз т. күлә/күләө «шалманың астынан киетін тақия, топы; дәруіш, әпенделердің баскиімі» (КиргРС I 464); өзбек т. қулох (ист.) «дөңес пішіндегі дәруіш, әпенде баскиімі» (УРС 227); түрік т. *külah* «дөңес түрідегі ұзындау қалпақ, айырқалпақ; қағаз қапшық (кулек)» (ТурРС 580); гагауз т. күләф/күләһ «бұрынғы заманда киілген баскиім түрі» (ГРМС 301).

Пұшпақ тымақ. Теріден тігілетін тымақты «түлкі тымақ», «пұшпақ тұмақ», «елтірі тымақ» деп атайды. Оның ішінде, түлкі пұшпағынан жасалған пұшпақ тымақтар сәнді, бағалы саналады. Пұшпақ тымақты жылдың барлық мезгілінде киеді және кең таралған түрі осы. Оны түлкі терісінің пұшпақтарынан жинап тігеді. Ал пұшпақ дегеніміз түлкінің тізеден төменгі сирақ терісі. Пұшпақ тымақты кейде «керей тымақ» деп те атайды. Біз талдаған өлеңде тымақтың осы түрі бейнеленген.

«Пұшпақ тымақ» деген ұғымдағы *пұшпақ* сөзін жеке талдасақ, оның қазақ тілінде негізгі мағынасында емес ауыспалы мәнде жұмсалып жатқанын аңғарамыз. Қазақ әдеби тілі сөздігінде *пұшпақ* сөзі «малдың, аңның тізеден төменгі сирақ терісі» деп түсіндіріліп, түбі парсынікі деген белгі берілген (ҚӘТС XII 409).

Бірақ *пұшпақ* ұғымының негізгі мағынасы «бөлік, кесінді, ұш, шет, бұрыш» екендігі анық, ол мәні *шет-пұшпақтап айтты* (ФС 762) тұрақты тіркесінде сақталған. Алайда дәл осы мағынасы түсіндірме сөздігінде берілмеген.

Түркі тілдері деректеріне жүгінсек, *пұшпақ* сөзінің қазақ тіліндегі «малдың, аңның тізеден төменгі сирақ терісі» мағынасы кейінгі дәуірдің туындысы екендігін аңғарамыз.

Пұшпақ тымақ тіркесінің құрамындағы *пұшпақ* сөзі көне түркі жазба мұраларында *бычгақ/бучгақ/бучмақ/бучақ* тұлғаларында әрі көбіне «бұрыш, ұш, шет» мәндерінде кездеседі:

Қазіргі түркі тілдерінде негізгі мәнінен бөлек, кейін пайда болған мағыналарында

да жұмсалады. Мысалы, қырғыз т. *бучқақ* ««малдың, аңның тізеден төменгі сирақ терісі; малдың, аңның тізеден төменгі сирақ терісінен жасалған тон, ішік» (КиргРС I 164); татар т. *почмақ* «бұрыш; үйдің бір бөлігі, бұрышы, шеткі бөлме»: *Өй почмагына ут капса да, кайгырмый* (мәтел) «Үйінің шетінен өрт шықса да бәрібір» (ТатРС 717); *өчпочмақ* «үшбұрыш; үшбұрыш түріндегі бәліш (учпучмақ)» (ТатРС 1240); қарашай-балқар т. *бучхақ* «қаптың түбіндегі жіппен түйілген тесігі; шалбардың балағы» (KMTS 128).

Түрік т. *бужақ* «шет, бұрыш, ұш; жер, орын» (TS 402); түрікмен т. *бужақ* «ғойнуң дерисинден, хамындан сууқ зат ғұймақ үчин едилйән ғабын ғолы яда арт аяғы» (ТДС 111)

Хакас т. *пуссах* «бөлік, кесінді; алқам-салқам, нас, салақ, ұқыпсыз»; *пыссах* «сирақ терісі» (ХРС 167; 171) тува т. *быжынды* «киім тігуден кейін қалған мата кесіндісі»; *бышкак* «мал сирағының терісі» (ТувРС 129; 131); чуваш т. *пéчмex/пéчeк* «бұрыш» (Федотов I 425); якут тілінде *быстах* біздің тіліміздегі «кесінді, үзінді, сынық бөлік» іспеттес мағыналар орнына жұмсалады (ЯРС 94).

Құрысқақ «тобылғы тиек» (АбайТС 343).

Бұл түркі тілдері сөздіктерінен шығарылған формалармен семантикалық және жасалуы жағынан бірдей деп топшылаймыз:

Татар т. *қорышқақ* «бүкшиюге, қайқиюға бейім»; *қорышқан* «бүкшиген, қайқиған»

(ТатРС 465); башқұрт т. *қорошқақ* «қатты тонған, үсіген» (BTS 374).

Ұйғыр т. *қурушқақ* «бірден құрғап қалатын, құрғағыш; сараң, шық бермес» (YUTS 249); өзбек т. *қурушқоқ* «ағаштағы құрғап қалған жемістер»; *қурушқоқ/қурумсоқ* «сараң» (УРС 693)

Тува т. *қурусқуқ/қурусуқ* «қу ағаш; құрап қалған ағаш; қада; сырғауыл; сырық» (Татаринцев III 316); хакас т. *хурусха* «елтірі; жылбысын» (ХРС 293).

Үзеңгі «Көлікке мінуге арналған, ердің екі қапталына қайыс бау арқылы тағылатын әбзел түрі, ертоқымның аяқ салатын бір бөлшегі».

Үзеңгі атауы осы мағынасында түркі және моңғол тілдерінде кең қолданылатын, түркі-моңғолға ортақ атау:

Көне түркі мұраларында үзәңгү (ДТС 630).

Қарақалпақ т. *үзеңги* (КкРС 687); ноғай т. *зәңги* (НРС 115); қырғыз т. *үзәңгү* (КиргРС II 318); татар және башқұрт т. *өзәңге* (ТатРС 1229); құмық, қарашай-балқар, қарайым т. *өзенги* (КумРС 231); ұйғыр т. *үзәңге*; өзбек т. *узанги* (УРС 501); түрікмен т. *үзеңқи* (ТТС 659); түрік т. *üzengi* «үзеңгі» (ТҚС 550); әзербайжан т. *үзәнки* (АзРС 304).

Алтай, шор т. *үзәңә* (РусАС 738); тува т. *эзеңги* (ТувРС 608); сары ұйғыр т. *езеңго* [12, 25]; хакас т. *izenъе* (ХРС 66); якут т. *иңәһэ* (ЯРС 153); чуваш т. *йарана* (ЧувРС 119).

Моңғол т. *дөрүге* (МТС 427); халқа т. *дөрөө*; бурят *дүрөө*; қалмақ *дөрә*; эвенки т. *дуруки* (ЭСМЯ 196).

Банг, Дерфер, Брокельман, Вамбери деген ғалымдар *үзеңгі* ұғымы «үстіне, үстінгі жағына» мағынасындағы *үз/үзе* («үсті» + *ең* «есімнен етістік туд.жүрн.» + *гі* етістіктен есім туд. жүрн.) сөзінен жасалды деп тұжырымдаған (ЭСТЯ I 624).

Қанжыға «бір нәрсе байлау, бөктеру үшін ердің екі жақ қапталының арт жағына өткізілген жіңішке, ұзын қайыс» (ҚТТС 472).

Қазақ тілінің қысқа этимологиялық сөздігінде *қанжыға* сөзінің моңғол тілінен енгені туралы айтылған (ҚТҚЭС 116).

Моңғол тілінен *ганжуга/ганзга* «қанжыға» (КМРС 47) енген бұл атау көне ескерткіштерде қолданылмаса да қазіргі түркі-моңғол тілдерінде кең таралған.

Шідер «Жылқыны түнде бос қоя бергенде немесе отқа қойғанда аттың ұзаққа кетіп қалмауы үшін аяғын тұсаулауға арналған ат әбзелі. *Шідерді* аттың алдыңғы екі аяғы мен артқы бір аяғына салу үшін қайыстан, арқан жіптен жасайды».

Шідер сөзін қазіргі түркі тілдерінен қырғыз, қарақалпақ және башқұрт тілдері сөздіктерінен ғана таба алдық: қырғыз т. *чидер* «треного: ременные путы для стреноживания лошади»; *чидер сал* «шідер салу» (КиргРС II 362); қарақалпақ т. *шидер* «сол мағ.» (КкРС 736); башқұрт т. *сізәр* «жылқының аяғын байлауға арналған тұсау»: *сізәр халыу* «шідер салу» (БТһ II 184).

Н.Оңдасынов Парсыша-қазақша түсіндірме сөздігінде *шідер* сөзін парсының *чедар* ұғымымен байланысты көреді [11, 83].

Көпшік «көрпеше, төсеніш; жастықша» (АбайТС 276; ДС 366). Диалектологиялық сөздікте Қазақстанның бірқатар өңірінде қолданылады деп берілген «ер үстіне салу үшін арасына жүн, қыл салып тігілген көрпеше; төсеніш, көрпеше; жастық» мағынасындағы көпшік сөзі Абай өлеңінде де кездеседі.

Көпшік сөзі көне жазба ескерткіштерінен Қарахан дәуірінен бері қолданылады: Диуани лұғатит түркіте *көпчүк* «ер төсеніші, атқа мінгенде ер үстіне салынатын жастықша» (DLT 240/209); *көпсүн* «көрпеше, көрпе, төсеніш» (DLT 220/190).

Қазіргі түрік тілдерінен татар (*күпчик*), башқұрт (*күпсік*), қарақалпақ (*көпшік*), хакас (*көпсік*) және чуваш (*көпчек*) тілдерінде «бір кісілік жастық, жастық» мәнінде қолданылса, қырғыз, ноғай, қарашай-балқар, құмық, ұйғыр тілдерінде «ер төсеніші, көрпешесі» мағынасында жұмсалады.

Пыстан «Ердің үстіндегі көпшіктің шегіне қағылатын қалпақты шеге» (Абай ТС 424).

Бұл сөз төменде келтірілген түркі тілдеріндегі деректерімен байланысты болса керек.

Қырғыз т. *быштан/ақ быштан/пышлан* «ремешок охватывающий подушку подстилку на седле»: *аюу көпчүк, ақ быштан, азамат аты көрүнөт* «аю көпшік, ақ пыстан – жігіт аты сияқты» (КиргРС I 174)

Ұйғыр т. *пистан* «капсула; домалақ зат» (YUTS 323); өзбек т. *пистон* «кийим-кечак учун қаладидған йилтирак пластинкача» (УТИЛ I 588).

Парсы тілінде *پستان* (*пистаан*) сөзі «емшек, емшектің ұшы» мәнінде қолданылады. Қазақ тілінде «қалпақты шеге» деген ауыспалы мағынаға ауысқан болуы да мүмкін.

Қорытынды. XX ғасырдың басында көшпелі өмір салтының қысқа мерзімде күшпен отырықшылыққа жаппай алмастырылуы қазақы тұрмыс-тіршілікке байланысты көптеген ұғымдардың да халық тілінен қалыс қалып, ұлт жадынан өшуіне, біртіндеп ұмытылуына әкеліп соқты. Дәстүрлі қазақ қоғамының тұтастай өзгеруі бұл күндері

тұрақты тіркестер құрамындағы, өткен ғасырдағы ақындар тіліндегі кейбір сөздердің негізгі мағынасын түсінбейтін жағдайға жеткізді. Сол себепті ескіліктерді, этнографиялық атауларды табу, жинау, сөздіктерге енгізу, мағынасын ашу ұлт тілінің байлығын төкпей-шашпай өз қалпында көрсету үшін өте маңызды деп білеміз.

Мақаламызда Абайдағы мағынасы түсініксіз атаулардың барлығын қамтымадық, негізінен «Ескіліктің киімі» өлеңіндегі этнографиялық ұғымдар жайында сөз ғана еттік. Сонымен, Абай лексикасындағы этнографизмдер ішіндегі қазіргі әдеби норма

тұрғысынан қарағанда аздау қолданылатын *шидем, шекпен, жейде, дамбал, саң, жарғақ шалбар, жарғақ жастық, көпшік, мықшима, байпақ, кісе, дәндәку, күләпара, пұшпақ тымақ, құрысқақ, үзеңгі, пыстан* сияқты 17 сөз қарастырылды. Сөздерді тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы қазіргі түркі тілдері және көне түркі тілдерінің материалдары негізінде қысқаша талдап шықтық. Сөйтіп қазақ тілі сөздіктерінде анықталған, түсіндірме берілген сөздерге түркі тілдеріндегі анықтамаларында қосып талдадық. Сөздерді талдай келе, Абай немесе Абай заманындағы кей ұғымдардың қазіргі кезде көп жұмсалмайтынын байқадық.

Әдебиеттер тізімі

1. Абай Құнанбаев шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. – 696 б.
2. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 384 б.
3. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік), I-III том. – Алматы: Сардар баспа үйі, 2013. – 780 б.
4. Räsänen, M. Versuch Eines Etimologischen Wörtervuchs der Türkspraghen, Suomalais Ugrilainen Seura, Helsinki, 1969. – 533 b.
5. Караағаш Г. Түркçe Verintiler Sözlüğü. – Ankara: Türk Dil Kurumu yayınları, 2008. – 957 b.
6. Вельяминов-Зернов В. Абушка словарь джагатайско-турецкий, Санкт-Петербург: Типография Академий наук, 1868.– 440 с.
7. Боровков А. Бада'и' ал-лугат: Словарь тали' имани гератского к сочинениям Алишера Навои.– Москва: Издательство восточной литературы, 1961. –450 с.
8. Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мемлекеттің тілді дамыту институты, 2014.– 728 б
9. Сейдахматов, К. Қырғыз тілінің қысқаша этимологиялық сөзлүгі. – Фрунзе: Илим Басмасы, 1988. – 337 б.
10. Кейкін Ж. Қазақтың 7777 мақалы мен мәтелі. – Алматы: Өлке баспасы, 2002. – 448 бет.
11. Оңдасынов Н. Парсыша-қазақша түсіндірме сөздік. Алматы: – Білім баспасы, 2003. – 320 бет.
12. Малов С. Язык желтых уйгуров, словарь и грамматика. – Алматы: Наука, 1957. – 198 с.

References

1. Abaj Kunanbaev shygarmalarynyn bir tomdyk tolyk zhinagy [One-volume complete collection of Abay Kunanbayev's works], (Kazakh state publishing house of fiction, Almaty, 1961, 696 p.).
2. Syzydkova R. Abay shygarmalarynyn tili [language of Abay's works] (El-shezhire, Almaty, 2014, 384 p.).
3. Kaidar A. Qazaqtar ana tili aleminde (etnolingvistikalıyq sozdik) [Kazakhs in the world of their native language (ethnolinguistic dictionary)] (Sardar publishing house, Almaty, 2013, I-III. Vol. 780 p.).
4. Räsänen, M. Versuch Eines Etimologischen Wörtervuchs der Türkspraghen [Attempt at an Etimological Dictionary of Turkic languages] (Suomalais Ugrilainen Seura, Helsinki, 1969, 533 p.).
5. Karaağaç G. Türkçe Verintiler Sözlüğü [Dictionary Of Turkish Literature] (Turkish language institution publications, Ankara, 2008, 957 p.).
6. Velyaminov-Zernov V. Abushka slovar djagataisko-turetskii [The Chagatai-Turkish dictionary], (Printing house of the Academy of Sciences, St.Petersburg, 1868, 440 p.).
7. Borovkov A. Bada'i' al-lugat: Slovar tali' imani geratskogo k sochineniam Alishera Navoi [Bada'i' al-

lugat: dictionary of Tali' Imani of Herat to the works of Alisher Navoi] (Publishing house of Oriental literature, Moscow, 1961, 450 p.).

8. Kaliev B. Qazaq tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh language], (Institute of language development of the state, Almaty, 2014, 728 p.).

9. Seidakhmatov K. Qyrqyz tilinin qysqacha etimologialyq sozluqu [Short etymological word of the Kyrgyz language], (Publishing House Of Science, Frunze, 1988, 337 p.).

10. Keikin J. Qazaqtyn 7777 maqaly men mateli [7777 Kazakh proverbs and sayings] (Publishing House of the region, Almaty, 2002, 448 p.).

11. Ondasynov N. Parsysha-qazaqsha tusindirme sozdik [Persian-Kazakh Explanatory Dictionary], (Publishing House Of Science, Almaty, 2003, 320 p.).

12. Malov S. İazyk zheltyh uigurov, slovar i grammatika [Malov S. language of the yellow Uighurs, dictionary and grammar] (Science, Almaty, 1957, 198p.).

М.Е. Адиллов

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

Этнографизмы в стихотворении Абая «Ескілік киімі»

Аннотация. В четырёхкуплетном стихотворении великого казахского поэта Абая «Ескілік киімі» описаны одежда, снаряжение древнего казахского охотника. Так как в стихотворении описывается кочевая культура ранней эпохи, встречается множество этнографизмов, историзмов, характерных для раннего периода и не используемых в настоящее время. Поскольку некоторые из этнографизмов и историзмов не употребляются в современном казахском языке, необходимо было обратиться к материалам тюркских письменных памятников и языков для определения их основных значений. В статье посредством историко-сравнительного метода анализировались этнографические названия, не использующиеся и не имеющие смысла в настоящее время.

Ключевые слова: Абай, этнографизмы, историзмы, названия одежд, современные тюркские языки, древнетюркские письменные памятники.

M.E. Adilov

Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

Ethnographisms in the Abay's poem «Eskilik kiimi»

Abstract. The four-verse poem of the great Kazakh poet Abay «Eskilik kiimi» describes the clothing and equipment of the ancient Kazakh hunter. Since the poem describes the nomadic culture of the early era, there are many ethnographisms, historicisms that are characteristic of the early period and are not currently used. Since some of the ethnographisms and historicisms are not used in the modern Kazakh language, it was necessary to refer to the materials of Turkic written monuments and languages to determine their main meanings. The article analyzes ethnographic names that are currently not used and some of them do not make sense using the historical-comparative method.

Keywords. Abay, ethnographisms, historicisms, names of garments, modern Turkic languages, ancient Turkic written monuments.

Автор туралы мәлімет:

Әділов М.Е. – PhD, Немат Келімбетов атындағы Түркітану орталығының бас ғылыми қызметкері, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық даңғылы 13, Алматы, Қазақстан.

Adilov M.E. – PhD, Abay Kazakh National Pedagogical University, Chief researcher of the Nemat Kelimbetov Center of Turkology, Dostyk ave.13, Almaty, Kazakhstan.